

Ақтөбе қаласының "Красносельское" селосын қайта атау туралы

Бірлескен Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 3574қ қаулысы және Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 306ш шешімі. Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық Әділет басқармасында 2011 жылғы 20 қаңтарда № 3-1-149 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6 бабының 1 тармағының 15 тармақшасына, 31 бабының 2 тармағына және «Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 13 бабының 4 тармағына сәйкес Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе қалалық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. Ақтөбе қаласының «Красносельское» селосы Бекқұл баба селосы болып қайта аталсын.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе қаласының
әкімі
А.Мұхамбетов

Ақтөбе қалалық мәслихатының
сессия төрағасы
А.Шахаров